

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебін жасау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 11 ақпандағы N 25 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 24 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1170. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 5 ақпандағы N 11 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 5 ақпандағы N 11 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

Бухгалтерлік есепті жетілдіре түсу және екінші деңгейдегі банктердің халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттарына көшуі мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебін жасау ережесі бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Рахметова С.К.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебін жасау ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуге белгіленген тәртіппен тиісті шаралар қабылдасын ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап екі апта мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебін жасау ережесін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі құрылымдық бөлімшелеріне, филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ. Абдулинаға жүктелсін.

Ұлттық Банк Төрағасы

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебін жасау ережесі

Ескерту: Ереженің барлық мәтіні бойынша "кредиттер", "кредиттердің", "депозиттер" деген сөздер тиісінше "заемдар", "заемдардың", "салымдар" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен .

Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына, қаржылық есептің халықаралық стандарттарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді .

Осы Ереже Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебін жасау тәртібін және ұсыну мерзімдерін айқындайды .

Ескерту: Кіріспе жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 14 ақпандағы N 28 қаулысымен .

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде қолданылатын, негізгі ұғымдар:

1) < * >

2) еншілес ұйым - банк тура (тікелей) немесе жанама (басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы) дауыс беретін акциялардың елу процентінен астамын иеленетін немесе дауыс беру мүмкіндігі бар немесе олардың арасында жасалған шартқа сәйкес (немесе өзге тәсілмен) осы заңды тұлға қабылдайтын шешімді анықтауға банктің мүмкіндігі болатын заңды тұлға;

3) < * >

4) бас банк - бұл бір және/немесе одан да көп еншілес және/немесе бағынышты ұйымдары бар банк;

5) топ - бас банкпен оның барлық бағынышты және еншілес ұйымдары;

6) шоғырландырылған қаржылық есеп беру - бұл топтың бірыңғай қаржылық есеп беру ретінде ұсынған қаржылық есеп беруі;

7) жеке қаржылық есеп беру - бас банктің, оның бағынышты және еншілес ұйымдарының шоғырландырылуға жататын қаржылық есеп беруі;

8) азшылық үлесі - бұл еншілес ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің таза кірістерінің (шығындарының) және таза активтерінің оның капиталындағы үлесіне тиесілі, бас банк тікелей немесе еншілес ұйымдар арқылы жанама түрде иеленбейтін бөлігі;

9) толық дерлік иелік - бас банк еншілес ұйымның дауыс беру акциясының 90

проценттен астамын иеленуші;

10) бағынышты ұйым - банк дауыс беретін акцияларының жиырма процентінен астамын иеленетін заңды тұлға;
1 1) < * >

12) үлеске қатысу әдісі - бас банк инвестициясын бағынышты ұйым қабылдаған кезде сатып алу бағасын келешек өсімімен (азаюымен) қоса бағалағанда бағынышты ұйымның таза активтерінің өзгерістеріндегі есептеу әдісі. Бағынышты ұйымның таза кірісінде (шығынында) бас банктің үлесін мойындау бойынша бас банк үлесінің өзгеруі кірістер және шығыстар туралы есепте бас банктің кірісі (шығысы) деп есептеледі;

13) бағалау әдісі - инвестициялар сатып алынған кезде сатып алу бағасы бойынша көрсетілетін есеп әдісі. Инвестициядан түскен кіріс бас банктің кірістер және шығыстар туралы есепте бағынышты ұйымның жинақталған таза табысының жалпы сомасынан сатып алынған тиісті күннен кейін пайда болған дивиденд мөлшерінде қабылданады;

14) Консорциум - бірігіп шаруашылық қызмет ету туралы шарт негізіндегі уақытша ерікті тең құқықты одақ (бірлестік), мұнда заңды тұлғалар нақты шаруашылық мәселелерін шешу үшін қор атаулыны біріктіреді және күш-жігерді жұмылдырады;

15) бірлескен шаруашылық қызмет - екі немесе одан да көп тараптардың жалпышаруашылықтық мақсатқа жету үшін бірлесіп қызмет етуге міндеттенуі;

16) жанама әдіс - таза кіріс немесе шығын ағымдағы активтерді және міндеттемелерді, ақшамен жасалмайтын операцияларды, сондай-ақ операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтің нәтижесі болып табылатын есептелген кірісті және шығынды алдыңғы кезеңмен салыстыра өзгерту арқылы түзетілетін әдіс.

Бұл әдіс топтың кірістер және шығыстар туралы шоғырландырылған баланстағы және шоғырландырылған есептегі ақпаратқа негізделген;

17) банктік топ - банк қатысушысы болып табылатын банк және ұйым.

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен, 2005 жылғы 14 ақпандағы N 28 қаулысымен.

2. Еншілес немесе бағынышты ұйымды тікелей иемдену мынадай жағдайда: бұл ұйымдардың дауыс беру акцияларын бас банк өзі сатып алғанда жүзеге асады. Жанама иелік еншілес және бағынышты ұйымдардың дауыс беру акцияларын бас банкке өз кезегінде еншілес немесе бағынышты ұйымдардың сатып алғандығымен анықталады.

3. Бас банк акциялардың жартысын немесе жартысынан азын алғаннан кейін инвестициялаушы дауыс құқы бар ұйым жағдайында шешімді айқындау

мүмкіндігі болады, егерде:

1) басқа инвесторлармен келісім негізінде дауыстың жартысынан көбін алатын болса;

2) жарғыға немесе келісімге сәйкес инвестициялаушы ұйымның қаржы-шаруашылық саясатын белгілеуге өкілдігі болса;

3) директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігін тағайындауға және босатуға өкілеттігі болса;

4) директорлар кеңесінің жиналысында көпшілік дауыс алуға құқы болса.

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен .

4. Қаржы есеп-қисабын пайдаланушылардың бүкіл топтың қаржы жағдайы туралы және қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы ақпаратқа деген қажеті шоғырландырылған қаржылық есептермен қамтамасыз етіледі.

5. Бас банк шоғырландырылған қаржылық есепке өзінің барлық еншілес ұйымдарын енгізуі және мынадай жағдайларды қоспағанда үлеске қатысу әдісі бойынша бағынышты ұйымдарға инвестицияларды ескеруі тиіс:

1) еншілес ұйымдар, сондай-ақ бағынышты ұйымдарға инвестициялар он екі ай ішінде сату мақсатында сатып алынғанда және еншілес ұйымның шешімін айқындау мүмкіндігі уақытша болғанда;

2) алынып тасталды .

Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен , 2005 жылғы 14 ақпандағы N 28 қаулысымен .

6 - 9 . < * >

Ескерту: 6-9-тармақтар алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен .

10. Бас банктің және оның еншілес, бағынышты ұйымдарының шоғырландырылған қаржылық есептерге енгізілетін қаржылық есептері бір күнде, бір мерзімде жасалады. Шоғырландырылған қаржылық есептер әртүрлі есепті беру күндері жасалған қаржылық есептер негізінде жасалуы мүмкін, алайда аралары үш айдан аспауы керек. Мұндай жағдайда есеп беру күндері бір мерзімнен екінші мерзімге жалғасып жатуы қажет. Мұндай қаржылық есептерді шоғырландыру мақсатында осы күндер аралығындағы елеулі операциялардың немесе басқа да оқиғалардың нәтижелері болып табылатын өзгертулерге түзетулер енгізіледі.

11. Бас банктің және оның еншілес, бағынышты ұйымдарының шоғырландырылған қаржылық есептерге енгізілетін қаржылық есептері қаржы-шаруашылық қызметінің осы тәріздес операциялары мен оқиғалары үшін бірыңғай есеп саясатын пайдалана отырып дайындалады. Егер топ мүшесі

шоғырландырылған қаржылық есеп құрастыру үшін қабылданғаннан өзгеше есеп саясатын пайдаланса, онда шоғырландырылған кезде оның қаржы есептеріне тиісті түзетулер жасалады. Егер мұндай түзетулердің есебін шығару мүмкін болмаса, онда бұл жағдай шоғырландырылған қаржылық есеп беру баптарының әртүрлі есеп саясаты қолданылған бөліктерімен бірге шешілуі тиіс.

12. Банктердің шоғырландырылған қаржылық есеп беру қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен (бұдан былай - уәкілетті орган) келісім бойынша Ұлттық Банк белгілеген мерзімде беріледі.

< * >

Ескерту: 12-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен , 2005 жылғы 14 ақпандағы N 28 қаулысымен .

13. Бас банк шоғырландырылған қаржылық есеп беруді уәкілетті органмен келісім бойынша Ұлттық Банк белгіленген нысан бойынша және мерзімдерде жариялайды .

Жылдық шоғырландырылған қаржылық есепті міндетті түрде тәуелсіз аудитор растауы қажет .

Ескерту: 13-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен , 2005 жылғы 14 ақпандағы N 28 қаулысымен .

14. Еншілес ұйымды сатқанда, еншілес ұйым шыққаннан кейін алынған сома мен оның активтерінің шыққан күнгі міндеттемелерін (таза активтерін) шегеріп тастағандағы, баланстық құны арасындағы айырмашылығы қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есепке еншілес ұйым шығып кеткен күнгі кіріс немесе шығын деп саналады.

2-бөлім. Шоғырландырылған қаржылық есеп беруді оның түрлері бойынша жасау

Ескерту: 2-бөлімнің атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен .

15. Шоғырландыру мақсатында бас банктің және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептері активтер, міндеттемелер, өз капиталы, кіріс және шығыс баптарында көрсетілген сомаларды қосу арқылы әр бап және әр жол бойынша сипаты және мәні бойынша біріктіріледі. Бас банктің және оның бағынышты ұйымдарының қаржылық есептерін шоғырландыру құн әдісі және үлеске қатысу әдісі бойынша жүзеге асырылады .

Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен .

16. Шоғырландырылған қаржылық есептер біртұтас ұйым ретіндегі топ туралы қаржылық ақпарат болып шығуы үшін кейбір баптар бойынша

қайталауға жол берілмеуі тиіс. Ол үшін шоғырландырылған қаржылық есептерді құрастырғанда жүргізілген есептер негізінде түзету жазбалары жазылады. Түзету (жөндеу) жазбалары бухгалтерлік есепте көрсетілмейді, шоғырландырылған қаржылық есептер дайындау барысында жұмыс кестесіне енгізіледі.

17. Шоғырландырылған қаржылық есепті дайындау үшін біріктіруге, түзетуге және бас банктің, оның еншілес және бағынышты ұйымдарының жекелеген қаржылық есептерінен шоғырландырылған қаржылық есепке ауыстырылуға жататын баптар белгіленеді.

Ескерту: 17-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен .

18. Шоғырландырылған қаржылық есепке мыналар кіреді:

- 1) бухгалтерлік баланс (N 1 қосымша);
- 2) қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есеп (N 2 қосымша);
- 3) ақша қозғалысы туралы есеп (N 3 қосымша);
- 3-1) меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп (4-қосымша);
- 4) жазбаша түсініктеме .

Ескерту: 18-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 14 ақпандағы N 28 қаулысымен .

18-1. Шоғырландырылған қаржылық есеп Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жасалады .

Ескерту: 18-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен .

1-тарау. Шоғырландырылған баланс

1 9 . < * >

Ескерту: 19-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен .

20. Бас банктің, бухгалтерлік оның еншілес ұйымдарының баланстарының мынадай баптары біріктірілуі тиіс:

1) "Актив" бөлімі бойынша: банктердегі ақша, корреспонденттік есепшоттар, берілген заемдар мен салымдар, бағалы қағаздар, негізгі құрал-жабдықтар, жинақталған тозу, материалдық емес активтер, материалдық емес активтердің амортизациясы, аяқталмаған негізгі құрылыс, тауар-материалдық қорлар, дебиторлық қарыздар және басқа да активтер;

2) "Міндеттемелер" бөлімі бойынша: заемдар, салымдар, меншікті бағалы қағаздар, кредиторлық берешек және басқа да міндеттемелер;

3) "Меншікті капитал" бөлімі бойынша: қосымша капитал, резервтегі капитал, негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау бойынша резервтер, қайта бағалау бойынша резервтер, өткен жылдардағы және ағымдағы жылы бөлінбеген таза табыс (жабылмаған шығын). < * >

Ескерту: 20-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен .

21. Бас банктің, оның еншілес ұйымдарының бухгалтерлік баланстарынан мынадай баптары түзетілуі тиіс:

1) "Актив" бөлімі бойынша: заемдар, салымдар, дебиторлық, арыздар, қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар, басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына инвестициялар, басқа активтер;

2) "Міндеттемелер" бөлімі бойынша: заемдар, салымдар, ұзақ мерзімді заемдардың ағымдағы бөлігі, кредиторлық қарыздар, өздері шығарған бағалы қағаздар, басқада міндеттемелер;

3) "Меншік капитал" бөлімі бойынша: төленген жарғылық капитал бөлінбеген кіріс (шығын) .

Ескерту: 21-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен .

22. Бас банктің, оның еншілес ұйымдары бухгалтерлік балансының біріктіруге және түзетуге жатпайтын, шоғырландырылған балансқа өзгеріссіз ауысатын баптары .

Ескерту: 22-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен .

23. Шоғырландырылған қаржылық есепті құрастырған күні еншілес ұйымның меншік капиталы сомасынан әр еншілес ұйымның таза активінен азшылық үлесі анықталады. Еншілес ұйымның таза активінен азшылық үлесі, шоғырландырылған бухгалтерлік баланстан оның міндеттемесінен жеке және " Азшылық үлесі" бабы бойынша меншік капиталынан беріледі және бас банкке жатпайтын еншілес ұйымның таза активінің көлемін көрсетеді.

2-тарау. Қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп

24. Қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп, топтан тыс жасалған операциялардың қаржылық нәтижелерін көрсетуге тиіс.

25. Шоғырландыру мақсатында ішкі топтар операциялары бойынша кіріс, шығыс және дивидендтер, бір ұйымдарда толық аяқталған, бірақ басқаларында аяқталмаған немесе толық аяқталмаған, сондай-ақ осы операциялардың нәтижесінде туындаған пайдаланылмаған кірістер мен шығындарды алып тастау қажет .

Ішкі операциялар тобына мыналарды жатқызуға болады:

қызмет сату және сатып алу;

негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді алу және өткізу;

з а й м д а р б е р у ж ә н е а л у ;
с а л ы м д а р д ы о р н а л а с т ы р у ж ә н е т а р т у ;

басқалар.

26. Шоғырландыру есептер құрастыруды байланыстыру мақсатында қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы шоғырландырылған есептегі "Таза кіріс (шығын)" ("оны жабылмаған шығын") жолынан шоғырландырылған баланстағы "Ағымдағы жылғы бөлінбейтін таза кіріс" жолына ауыстырылады.

27. Бас банктің, оның еншілес ұйымдарының қаржышаруашылық қызмет нәтижелері туралы есептеріндегі мәліметтер, олардың талдамалары мен түсініктемелері бойынша біріктірілген және түзетілген баптары анықталады. <*>

Ескерту: 27-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен .

28. Бас банктің, оның еншілес ұйымдарының қаржышаруашылық қызмет нәтижесі туралы есебінің баптары біріктіруге, және түзеуге келмесе, қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есепке өзгеріссіз ауыстырылады .

Ескерту: 28-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен .

29. Еншілес ұйымның таза кірістегі (шығындағы) азшылық үлесі, ұйымның есеп беріп отырған мерзімдегі таза кіріс сомасына қарай анықталады. Азшылық үлесі еншілес ұйымның банкке тиесілі емес таза кірісінің көлемін көрсетеді.

Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы шоғырландырылған есепте азшылық үлесі "Азшылық үлесі" деген жеке бапта азайтылған (көбейтілген) шоғырландырылған таза кіріс (шығын) көрсеткіші ретінде көрсетіледі.

3-тарау. Ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

30. Бас банк жанама әдісті қолдана отырып, ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп құрастырады.

3 1 . < * >

Ескерту: 31-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен .

32. Жанама әдіс қаржы-шаруашылық қызметі нәтижесі туралы шоғырландырылған есептің әрбір бабын түзеуді қарастырмайды. Осы әдіске сәйкес таза кіріс (шығын) сомасы есепті мерзімдегі шоғырландырылған баланстағы соманы алдындағы есепті мерзіммен салыстыру бойынша түзетіледі.

33. Ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есептегі топтар ішінде айналысқа түскен және шыққан ақша есептелмейді.

3-1-тарау. Бас банктің және оның бағынышты ұйымдарының шоғырландырылған қаржылық есептерін жасау тәртібі

Ескерту: 3-1-тараумен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен .

33-1. Бас банктің және оның бағынышты ұйымдарының қаржылық есептерін шоғырландыру осы Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

33-2. Шоғырландырылған қаржылық есепте бас банктің бағынышты ұйымдарға инвестициялары үлеске қатысу әдісі бойынша есептеледі.

Үлеске қатысу әдісі мынадай белгілермен сипатталады:

- 1) инвестициялар сатып алынған сәттегі сатып алу құны бойынша есептеледі;
- 2) бағынышты ұйымның таза кіріс үлесі инвестициялардың баланстық құнын көбейтеді, ал шығын үлесі - азайтады;
- 3) есептелетін дивидендтер сомасы инвестициялардың баланстық құнын азайту ретінде көрсетіледі.

33-3. Мынадай жағдайларда банктің жекелеген қаржылық есебінде оның бағынышты ұйымдарға инвестицияларын көрсету үшін құн әдісі пайдаланылады:

- 1) бағынышты ұйымдарға инвестициялар жақын болашақта (алған күннен бастап алты айдан асырмай) сату мақсатында сатып алынды;
- 2) бағынышты ұйымдар қатаң түрде ұзақ мерзімді шектеулер жағдайында ж ұ м ы с і с т е й д і .

Мынадай жағдайлар қатаң түрде ұзақ мерзімді шектеулердің шарттары болып т а б ы л а д ы :

- 1) бағынышты ұйым оның дивидендтік саясатына араласа алатын өкіметтің қа да ғ а л а у ы н д а бо ла а л а т ы н ;
- 2) бағынышты ұйым өз қызметін таза кірісті шет елге аударуға шектеу қойылған елде жүзеге асырғанда;
- 3) бағынышты ұйымның қызметін шектеудің пайда болуына әкеліп соқтыруы ықтимал саяси жағдай өзгергенде.

33-4. Бас банктің бағынышты ұйымының шығынындағы қатысу үлесі инвестициялардың баланстық құнына тең немесе одан артық болса, онда нольдік құнға дейін жеткізілетін шығындардың үлесі инвестициялардың баланстық құнын азайтып көрсетеді, ал инвестициялардың құнынан асып кеткен сома балансқа есептеледі. Бас банк бағынышты ұйымның таза кірісіне өзінің үлестік қатысуын таза кіріс үлесі есепке алынбаған таза шығын үлесіне тең болғаннан кейін ғана көрсетеді.

33-5. Егер бағынышты ұйым активтерді қайта бағалайтын болса, қайта бағалауға байланысты бас банк үлесінің өзгеруі инвестициялардың баланстық құнын өсіреді (азайтады). Бас банктің инвестицияларының баланстық құнының

өсуі өз капиталы бөлімінде қосымша төленбеген капитал ретінде көрсетіледі. Бас банктің инвестицияларының баланстық құнының кемуі бұрын бағалағанға дейін жүргізілген сома шегінде қосымша төленбеген капиталдың азаюымен көрінеді. Егер шығынның үлесі бұрын жүргізілген бағалағанға дейінгі сомадан асып кетсе, онда айырмашылық сомасы үлеске қатысу шығыны ретінде танылады.

4-тарау. Түсіндірме жазба

34. Түсіндірме жазба бас банктің (есептеу әдістерін және біріктіруді көрсетіп) шоғырланған қаржылық есепті құрастыру негізіне алынған және қаржы-шаруашылық қызметі нәтижесін тану есеп саясатын ашып береді.

35. Шоғырландырылған қаржы есебі тобының түсіндірме жазбасында төмендегідей ақпарат болуға тиіс, онымен де шектелмейді:

1) еншілес және бағынышты ұйымдардың аты көрсетілген тізімі, тіркелген елі немесе мекен-жайы, акцияларға қатысу үлесі және дауыс беруші акциялар үлесінің айырмашылығы болған жағдайда, байланысты тараптар туралы ақпаратты жария ету (аффилирлеу) - қатынастар сипаты мен ауқымы; <*>

2) бас банк дауыстың жартысынан астамына ие бола алмаған жағдайда, бас банкке еншілес банктің шешімін айқындауға мүмкіндік беретін, бас банк пен оның еншілес ұйымы арасындағы қарым-қатынас сипаттамасы; <*>

3) дауыс беруші акцияларының жартысынан астамы бас банктің иелігіндегі ұйымдардың тізімі, бірақ олардың шешімін айқындауға бас банктің мүмкіндігі жоқ; < * >

4) еншілес ұйымдарды сатып алудың немесе сатудың есеп берілетін кезеңнің және оның алдындағы кезеңнің қаржылық көрсеткіштеріне әсері;

5) бас банктің еншілес ұйымдардың инвестицияларын есептеу үшін пайдаланатын жекелеген қаржылық есебінің әдісі;

6) бағынышты ұйымдардың инвестицияларын есептеу үшін пайдаланылған әдістер;

7) еншілес ұйымның шоғырландырылған есепке кірмеу себептері;

8) бас банк пен оның еншілес бағынышты ұйымдарының есеп саясатының осы баптарға қолданылатын айырмашылықтары салдарынан есептеу мүмкін емес шоғырландырылған қаржылық есеп баптарына түзетулер;

9) бас банктің, оның бағынышты еншілес ұйымдарының қаржылық есептерінде біріктіруге, түзеуге және ауыстыруға жататын баптар, сондай-ақ шоғырландырудың нәтижелері;

10) азшылық үлесті жария ету туралы ақпарат - қатысушылардың атауын көрсете отырып, азшылық үлесті құрайтын бас банктің еншілес, бағынышты ұйымдардағы олардың үлеске қатысуы;

11) топ мүшелерінің консорциумге және бірлескен қызметке қатысуы топ туралы ақпаратты жария ету.

Ескерту: 35-тармақ өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен .

36. Ұйым еншілес немесе бағынышты ұйымға сәйкес емес деп танылған күннен бастап, бұл ұйымға инвестициялар қаржылық есептің халықаралық стандарттарына сәйкес есептеледі.

Ескерту: 36-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 14 ақпандағы N 28 қаулысымен .

37. Бағынышты ұйымдарға үлестік қатысу әдісімен есептелген, инвестициялар , жеке баланстың жеке бабында капиталға инвестиция ретінде ашылады.

38. Бас банктің үлесі апат жағдайларында немесе өткен кезеңдердегі түзетулерде жеке көрсетіледі .

3-бөлім. Шоғырландырылған қадағалауды жүзеге асыру

Ескерту: 3-бөлім (39-44-тармақтар) алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 14 ақпандағы N 28 қаулысымен .

4-бөлім. Қорытынды ереже

45. Шоғырландырылған қаржылық есепті жасаған кезде, топтар қызметінің жариялы болуына және шоғырландырылған қаржылық есептің дұрыстығына жету мақсатында уәкілетті орган банктен активтер мен міндеттемелердің, кіріс пен шығыстың жеке баптарының мазмұнын неғұрлым толық ашуға қажетті қосымша ақпарат (шоғырландырылған қаржылық есепті жасау жөніндегі жұмыс кестелерін) сұрауға құқылы .

Ескерту: 45-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 14 ақпандағы N 28 қаулысымен .

46. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес шешілуге тиіс.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2000 жылғы 11 ақпандағы N 25
б е к і т і л г е н

Қазақстан Республикасының
екінші деңгейдегі банктерінің
шоғырландырылған қаржылық
есебін жасау ережесіне

N 1 қосымша

Ескерту: Қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 14 ақпандағы N 28 қаулысымен .

N 1 нысан

Топтың XXXX жылғы шоғырландырылған балансы

| Баптардың атауы | Жылдың басында | Жылдың аяғында |
|---|----------------|----------------|
| 1 | 2 | 3 |
| А к т и в т е р | | |
| Қолма-қол валюта _____ | | |
| Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі с а л ы м д а р | | |
| Басқа банктердегі салымдар(шығынды жабуға арналған провизияларды алып тастағанда) _____ | | |
| Бағалы қағаздар _____ | | |
| Несиелер және лизингтер(шығынды жабуға арналған провизияларды алып тастағанда) _____ | | |
| Капиталды инвестициялар _____ | | |
| Негізгі құрал-жабдықтар(амортизацияны алып тастағанда) | | |
| Материалдық емес активтер(амортизацияны алып тастағанда) | | |
| Б а с қ а д а а к т и в т е р | | |
| Кейінге қалдырылған салық талабы | | |
| Б а р л ы қ а к т и в т е р | | |
| П а с с и в т е р | | |

М і н д е т т е м е л е р

с а л ы м д а р

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің
алдындағы берешек

Басқа банктер мен ұйымдардың арасындағы
берешек

Банктің бағалы қағаздары

Халықаралық қаржы ұйымдарының алдындағы
берешек

Басқа да қарыз алу(реттелген борыш)

Басқа міндеттемелер

Кейінге қалдырылған салық талабы

Барлық міндеттемелер(I)

Азшылықтың үлесі(II)

К а п и т а л

Жарғылық акционерлік капитал(сатып алынған
меншік акцияларын қоспағанда)

Қосымша капитал

Банктің резерв капиталы

Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау
жөніндегі резерв

| | |
|---|-----------------------|
| | Қайта бағалау резерві |
| Өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі | |
| Бөлінбеген таза кіріс(жабылмаған шығын) | |
| Барлық капитал(III) | |
| Барлық пассивтер(I+II+III) | |

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық Банкі Басқармасының
 2000 жылғы 11 ақпандағы N 25
 бекітілген
 Қазақстан Республикасының
 екінші деңгейдегі банктерінің
 шоғырландырылған қаржылық
 есебін жасау ережесіне

N 2 қосымша

*Ескерту: N 2 қосымша өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен .*

N 2 нысан

Топтың ХХХХ жылғы қаржылық-шаруашылық қызметінің
 нәтижелері бойынша шоғырландырылған есебі

мың теңге

| N | Баптардың атауы | р | / | с | Сома |
|---|-----------------|-------------------------------|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | | | |
| | 1 | Сыйақы алумен байланысты | | | кіріс |
| | 2 | Сыйақы төлеуге байланысты | | | шығыс |
| | 3 | Сыйақы алумен байланысты | | | таза шығыс |
| | 4 | Сыйақы алумен байланысты | | | емес кіріс |
| | 5 | Сыйақы төлеуге байланысты | | | емес шығыс |
| | 6 | Резервке есептегенге дейінгі | | | таза операциялық кіріс (3 + 4 + 5) |
| | 7 | Жіктелген активтер мен шартты | | | міндеттемелер |

| | |
|----|--|
| | бойынша зиянды жабуға арналған резерв |
| 8 | Резервке есептегеннен кейінгі таза операциялық кіріс (6 - 7) |
| 9 | Активтерді сатудан түскен кіріс (шығын) <*> |
| | 10 Көзделмеген баптар |
| 11 | Салық зияны төлегенге дейінгі кіріс/зиян(8+9+10) |
| | 12 Салық төлемдері |
| | 13 Топтың таза кірісі/зияны |
| | 14 Азшылықтың үлесі |
| 15 | Азшылықтың үлесін ескере отырып таза кіріс/зиян |

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық Банкі Басқармасының
 2000 жылғы 11 ақпандағы N 25
 б е к і т і л г е н
 Қазақстан Республикасының
 екінші деңгейдегі банктерінің
 шоғырландырылған қаржылық
 есебін жасау ережесіне

N 3 қосымша

*Ескерту: N 3 қосымша өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен .*

N 3 нысан

**Топтың ХХХХ жылға ақша қозғалысы туралы
 шоғырландырылған есебі**

м ы ң т е ң г е

| N | Баптардың атауы | Сума | р / с |
|---|-----------------|------|-------|
| 1 | 2 | | 3 |

| | | | |
|---|---|---|--|
| | 1 | Топтың таза кірісі | |
| 2 | | Топтың мынадай таза кірісіне түзетулер: | |
| | | 1.1.Қамтамасыз етуге қаржы бөлу | |
| | | 1.2.Амортизациялық есептеулер | |
| | | 1.3.Сыйақы алумен байланысты емес есептелген кіріске | |
| | | ө з г е р і с | |
| | | 1.4.Сыйақы төлеуге байланысты емес есептелген шығысқа | |

ө з г е р і с

1.5.Басқа есептелген кіріс минус есептелген шығыс

1.6.Топтың таза кірісімен байланысты барлық ақша
қ о з ғ а л ы с ы

2 Операция активтері мен міндеттемелеріне өзгеріс

2.1.Мемлекеттік бағалы қағаздар портфеліне өзгеріс

2.2.Басқа бағалы қағаздар портфеліне өзгеріс

2.3.Банктерге берілген мерзімді салымдар мен

з а е м д а р

2.4.Клиенттерге заемдар

2.5.Басқа активтер

2.6."Лоро" корреспонденттік есепшоты

2.7.Банктер мен ұйымдардан алынған мерзімді салымдар

м е н з а е м д а р

2.8.Клиенттің салымдары

2.9.Басқа міндеттемелер

2.10.Операциялық (банктік) қызметке байланысты ақша

қ о з ғ а л ы с ы н ы ң ж и ы н т ы ғ ы

3. Инвестициялық қызмет бойынша ақша қозғалысы

3.1.Басқа заңды тұлғалардың акциялары

3.2.Реттелген борышқа инвестициялар

3.3.Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес

активтерге инвестициялар

3.4.Инвестициялық қызметке байланысты ақша қозғалысының

ж и ы н т ы ғ ы

4. Қаржылық қызмет бойынша қозғалыс

4.1.Жарғылық капиталдағы өзгерістер

4.2.Сатып алынған меншік акциялары

4.3.Қосымша капиталдағы өзгерістер

4.4.Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар

4.5.Басқа да қарыз алу (реттелген борыш) өзгерістері

4.6.Акциялар бойынша дивидендтер төлеу

4.7.Қаржы қызметіне байланысты ақша қозғалысының

ж и ы н т ы ғ ы

5. Ақша қозғалысына байланысты операциялар
 5.1. Банктердің резервтері
 5.2. Бағам айырмашылығының әсері

5.3. Ақша қозғалысымен байланысты емес операциялар жиынтығы

6. Азшылық үлесі

7. Барлығы (1.6;2.10;3.4;4.7;5.3;6 жолдардың
 сомасы - 10 жол) < * >

8. Жыл басындағы ақша қалдығы

9. Жыл соңындағы ақша қалдығы

10. Ақша қозғалысы (9 және 8 жолдар айырмашылығы)

Қазақстан Республикасының екінші
 деңгейдегі банктерінің
 шоғырландырылған қаржылық
 есебін жасау ережесіне

4-қосымша

*Ескерту: Қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
 2005 жылғы 14 ақпандағы N 28 қаулысымен .*

N 4-нысан

**Топтың меншікті капиталындағы _____ жылғы
 өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп**

Мың теңгемен

| Баптардың атауы | Жар- ғы- лық ка- пи- тал | Эм- ис- сия- лық кі- ріс | Алын- ған капи- тал | Ре- зер- втік ка- пи- тал | Бас- қа да ре- зер- втер | Бөлін- беген кіріс (өтел- меген шығын) | Жиын- тығы |
|---|---|---|------------------------------|--|---|---|---------------|
| Есепті кезең басындағы сальдо | | | | | | | |
| Есеп саясатындағы өзгерістер және түбірлі кателерді түзету | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|--|--|--|--|--|--|--|
| Есепті кезең басында қайта саналған сальдо | | | | | | | |
| Есепті кезеңде қосымша шығарылған (сатып алынған) меншікті акциялар | | | | | | | |
| Дивидендтер | | | | | | | |
| Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау | | | | | | | |
| Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруі | | | | | | | |
| Есепті кезеңнің бөлінбеген кірісі (шығын) | | | | | | | |
| Ішкі аударымдар | | | | | | | |
| оның ішінде: | | | | | | | |
| резервтік капиталды қалыптастыру | | | | | | | |
| негізгі құрал-жабдықтардың жинақталған қайта бағалаудың өзгеруі | | | | | | | |
| Басқа да операциялар | | | | | | | |
| Есепті кезең соңындағы сальдо | | | | | | | |